

М. К. Төлеубекова, 2-курс
Фылыми жетекшісі: Г. М. Қожапатшина, экономика факультетінің
окытушысы
(Е. А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЦИКЛДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Экономиканың маңызды ерекшелігі — экономикалық үрдістер дамуының циклді болып келуі. Қазақстандағы нарықтық қатынастарының дамуы отандық ғылымның циклдіктің мәселелеріне көп көңіл бөлуіне себепші болды. Экономиканың қазіргі жай күйіне байланысты, яғни циклділігіне дұрыс экономикалық зерттеулер жүргізіп, накты болжап, тиімді экономикалық саясатын жасау. Біздің экономикамыздағы болып жатқан процесстер бұл бір ерекше жағдай емес. Әлемдік экономика да осындай жағдай кешуде. Бүтінде экономикалық дағдарыстың қашан және қалай аяқталатыны туралы болжамдар мен саралтар да сан алуан. 2008-ші жылдың дүниежүзілік қаржы дағдарысы (ұлы рецессия деп те атайды) бұл — дамыған елдердің көпшілігіндегі негізгі экономикалық көрсеткіштердің өте күшті нашарлауынан пайда болған 2008 жылдың қыркүйек-қазанынан басталып, сол жылдың аяғында галамдық рецессияга айналған қаржы-экономикалық дағдарысы.

Қазақстан Республикасының экономикасы қазіргі кезде тұрақты фазага өтті деп айтуға болады, оған себеп мұнайға деген жақсы баға мен ауыл шаруашылығындағы былтырғы қуаныштықтан кейінгі өндірістің көлемінің ұлғаюы. Құрылым пен жылжымайтын мүлік саласындағы көрсеткіш бәсек қарқында, соған қарамастан ЖІӨ көлімі 2011 жылдың корытындысы бойынша 7,2 % құрап отыр. Депозиттік база шағын несиелендіру салдарынан өсіп отыр, (мемлекеттік ұйымдардың қолдауының арқасында) бірақ банктердің балансы мәз емес жағдайда, ол өз кезегінде үлken қатерлер мен тиімсіз делдалдыққа алып келуі мүмкін. 2007-2009 жылғы дағдарыстан кейінгі Қазақстанның экономикасының қарқынды дамуы әрине қуантарлық жағдай. Бірақ даму сыртқы экономикалық жағдайдың күйреу фонында жүріп жатыр. Әлемдегі экономикалық белсенділік бәсендеп, сенімділік артпайды. Дамыған елдердің дағдарыстың салдарынан болған құрылымтық мәселелердің ауыртпалығы әлі шешілмей отыр. Бұндай қыншылықтар өз кезегінде глобальды өсуді тежеп отыр, бұл ең алдымен «еуро аймақ» пен АҚШ-тағы мемлекеттік емес сұраныстың салдарынан қайға қалпына келумен байланысты. Бұдан басқа, кун арта Парсы шығанағы аймағында «улken соғыстың» болу қауіпі артуда. Бұндай қауіптер жүзеге асса шикізатқа деген бағаның күрт төмендеуі болып, әлемдік сауда мен капитал айналымының төмендеуіне алып келеді. Бұл

біздің экономикамызға эсер етпей қоймасы анық, себебі Қазақстан шикізат экспортына тәуелді және әлемдік нарықпен тығыз қарым-қатынастағы мемлекеттердің қатарына жатады.

Бұл жағдайда бірінші кезекте аландатарлық жәйт еліміздің банк жүйесінің әлсіз орында тұрғаны. Еліміздің бір банкін мысалға алатын болсақ БТА банкінің 2011 жылдың желтоқсанындағы қорытындысы бойынша тікелей несие бойынша жоғалтулары 320,2 миллиард теңге, яғни мерзімі өтіп кеткен несиелері 72,8 %, нарықтағы үлесі 20,4% құрайды. Бұл сөзсіз аландататын жағдай. Бұдан шығу жолдары Қазақстанның банк жүйесін нығайту және нақты шаралар қабылдау.

Бірінші кезекте несиелерді бағалаудың дұрыс жолын тауып, резервтерді бөлумен, олардың қайтпас жағдайындағы барлық банктерді жауапқа тарту. Сонымен қатар мерзімі өтіп кеткен жарамсыз ссудалардың көлемін қысқарту бойынша нақты шаралар қабылдау, банк капиталын акционерлер мен мемлекет тарапынан толықтыру.

Қазіргі таңдағы экономика жағдайында икемді мароэкономикалық саясат жүргізу қажет. Бертіндегі міндетті жинақтау көлемінің нормативті тұрғыдағы көбеюі ақша-несие саясатындағы алға өрлейтін қадамдардың бірі деп санауга болады. Ұлттық банкке қаржылық секторды қолдау мен инфляция қарқының тежеу арасындағы балансты ұстап тұру қажет. Бюджеттік жоспарлаулар мақсатты деп санауга болады, өз кезегінде оның жұмсалымдары нәтижелі болуын қамтамасыз етуі қажет. Ақша-несие және бюджеттік-салықтық қадағалау мекемелерінің сыртқы жағдайлардың отандық экономикаға әсерін тигізген жағдайда уақытылы қаржылық жағдайларға өзгертулер енгізуге дайын болу керек. Қазіргі таңда алда дағдарыстың жаңа толқыны деп болжануда. Ол 2012 жылы немесе 2014 жылдан басталып бірнеше жылға созылмақ деп болжануда. Мемлекетті дағдарыстан шыгаруға бағытталған кейбір шаралар жиынтығы:

1. Экономиканы диверсификациялау, яғни экономиканы салалық түрлендіру, инфракұрылымды дамыта отырып.
2. Кейнстік және монетарлы моделдерді тіркестіріп, кезектестіріп экономикалық саясатта колдану, ол өсу қарқының сақтау үшін қажет.
3. Экономиканың энергетикалық және минералды русуртаратының әлемдік бағаларының тәуелділік дейгейін азайту.
4. Шағын және орта бизнес иелеріне ҚҚС алып таставу, әкімшілік тексерулерді азайтып және тауарларының нарыққа шыққан кездегі тосқауылдарын минимилизациялау.
5. Шетелдік пайдалы қазбаларды қолданушыларға міндетті түрде Қазақстан банктерінде депозит аштыру.
6. Мемлекеттік қызыметкерлерді макро және микроэкономиканың болжай негіздерін жетекші экономист-сарапышыларды тарта отырып үйрету.
7. Лауазымды тұлғалардың дер кезінде және жауапты істе нәтижесіз шара қабылдағаны үшін жауапқа тарту.

Болып жататын экономикалық өзгерістердің терең себептерінің зерттеуі дағдарысқа қарсы саясаттың шарасын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстанның экономикада больш жатқан ерекшеліктерге қарамастан, оған дәл қазір дамыған елдердің алдында тұрған сол мәселелерді шешуге тұра келеді. Қорыта келгенде, циклдердің зерттелуі және олардың дамығына экономикалық саясаттың ықпал етуі нақты экономикалық процестегі негізгі заңдылықтар мен тенденциялардың анықталуы бағалы көрінеді және жаңа теориялық ізденістер мен шешім үшін перспективаны құрайды.

Дүниежүзілік қоғамдастықта Қазақстан экономикалық даму үшін жақсы әлеуметі бар мемлекет ретінде орнықты. Осы әлеуметті неғұрлым тиімді түрде іске қосып әрі экономикалық өсудің жоғары қарқыны негізінде халықтың неғұрлым кең жіктерінің әл-ауқатының артуын қамтамасыз ету міндетті алда тұр. Дағдарыстың циклдер әр түрлі болады. Жалпы циклдер экономикада табиғи құбылдыс. Мұны дамудың жаңа баспадағы деп қаруға болады. Бұл экономикалық ахуалға жан-жақты баға беру, саралтау уақыты. Дағдарыстың не үшін болғанын анықтап, жаңа даму жолын қарастыруға мүмкіндік береді.